

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

БЕКІТІЛГЕН
«Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті» КеАҚ
директорлар Кеңесінің шешімімен
(Хаттама № 3 «21» маусым 2024 ж.)



Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ
оқуға қабылдаудың
ЕРЕЖЕСІ
(2024-2025 оқу жылына)

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

<i>1-тарау. Жалпы ережелер</i>	<u>3</u>
<i>2 тарау. Қабылдау тәртібі</i>	<u>4</u>
<i>2.1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау (бакалавриат)</i>	<u>4</u>
<i>2.2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау (магистратура, докторантура, резидентура)</i>	<u>8</u>
<i>3 тарау. Түсу сынақтарын өткізу тәртібі</i>	<u>15</u>
<i>3.1. Арнаулы және шығармашылық емтихандар</i>	<u>15</u>
<i>3.2. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша кешенді тестілеу, шығармашылық / түсу емтихандары</i>	<u>17</u>
<i>3.3. Апелляцияларды қарау тәртібі</i>	<u>20</u>
<i>4 тарау. ҚазҰУ-ға қабылдау тәртібі</i>	<u>21</u>
<i>5. EMBA/MBA/DBA білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері</i>	<u>24</u>
<i>5.1. Қабылдау тәртібі</i>	<u>25</u>
<i>5.2 ҚазҰУ-дың EMBA/MBA/DBA бағдарламаларына түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау тәртібі</i>	<u>25</u>
<i>5.3 Жеке модульдерге (Mini MBA) оқуға ниет білдірген сыртқы тыңдаушылардың құжаттарын қабылдау қағидалары мен тәртібі</i>	<u>27</u>
<i>5.3.1 Mini MBA Al-farabi Business School бағдарламасына EMBA/MBA/DBA білім беру бағдарламаларының нақты модульдерін үйренуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар қабылданады.</i>	<u>27</u>
<i>5.3.2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің EMBA/MBA/DBA контингент бағдарламаларына тек ақылы негізде оқуға қабылданады.</i>	<u>27</u>
<i>5.4.3. Mini MBA курстарына азаматтар білімі туралы дипломсыз қабылдануы мүмкін.</i>	<u>27</u>
<i>5.4 Оқуға түсу емтихандарын өткізу тәртібі</i>	<u>27</u>
<i>6 тарау. Шетел азаматтарын қабылдау</i>	<u>28</u>
<i>6.1. Шетел азаматтары арасынан үміткерлерге қойылатын талаптар</i>	<u>29</u>
<i>6.2. ҚазҰУ білім беру бағдарламаларына түсетін шетел азаматтарының құжаттарын қабылдау тәртібі</i>	<u>30</u>
<i>6.3. Оқуға түсу сынақтарын өткізу тәртібі</i>	<u>31</u>
<i>6.4 Шетел азаматтарын ҚазҰУ-не қабылдау тәртібі</i>	<u>33</u>

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ-ға оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі - Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген жоғары білімнің және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ-ына (бұдан әрі – ҚазҰУ) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

1.2. ҚазҰУ Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) академиялық ұтқырлық және Болон процесі орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура, докторантура, резидентура) білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлерді оқуға қабылдауды жүзеге асырады.

1.3. ҚазҰУ-ға оқуға түсушілерді қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ оқуға түсушілердің өз қаражаты мен өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1.4. ҚазҰУ Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар қатарынан талапкерлерді оқуға қабылдауды жүзеге асырады, бұл ретте Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен келісімдерде, сондай-ақ арнайы стипендиялық бағдарламаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдік азаматтар оқу үшін ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарттары негізінде қабылданады.

1.5. Қазақстан Республикасының азаматтары оқуға түсу сынақтарының нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларда белгіленген мерзімдерде қабылданады. Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау сұқбаттасу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

1.6. Талапкерлерді қабылдауды ұйымдастыру үшін Қабылдау комиссиясы, пәндік емтихан және апелляциялық комиссиялар құрылады, олардың құрамы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

1.7. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерге таңдалған білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша кеңес беруді, түсу сынақтарының рәсімімен танысуды, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (арнайы) және шығармашылық емтихандарды өткізуді және сұқбаттасуды ұйымдастыруды жүзеге асырады. Қабылдау

комиссиясының төрағасы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы - Ректор болып табылады.

1.8. ҚазҰУ-дың емтихан және апелляциялық комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ҚазҰУ Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі және білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

1.9. Түсу (арнайы) және шығармашылық емтихандарын өткізу бағдарламалары университетте әзірленеді және ҚазҰУ Қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі.

1.10. Емтихандар кестесі (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізу орны, кеңес берулер) ҚазҰУ Қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі. Жоғары білім беру және магистратура бағдарламаларына түсушілер үшін емтихандар кестесі ҚазҰУ сайтында құжаттарды қабылдау басталғанға дейін, докторантура бағдарламаларына түсушілер үшін – түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей орналастырылады.

1.11. Үлгілік қағидалармен, сондай-ақ осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарына сәйкес ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясымен каралады.

1.12. Оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде Қабылдау комиссиясы білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есептің, сондай-ақ білім алушыларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

2 тарау. Қабылдау тәртібі

2.1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау (бакалавриат)

2.1.1. Білім алушылардың контингентін қалыптастыру үшін университет өз базасында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, белсенді форматта оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізеді.

2.1.2. Университет оқуға түсушілер үшін дайындық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып өту балын айқындайды. ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен белгіленген өту шекті балын жинаған оқуға түсушілер қабылдануға жіберіледі.

2.1.3. Білім алушылар контингентіне қабылдау Үлгілік қағидаларға сәйкес ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.1.4. ҚазҰУ жоғары білім беру бағдарламаларына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

2.1.5. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе)

ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрлары даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, Ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) өткен және оның нәтижелері бойынша белгіленген өту балын алған, бірақ 65 балдан кем емес тұлғалар ақылы оқуға қабылданады, ал «Педагогика ғылымдар» білім беру саласы бойынша – 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – 70 балдан кем емес, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша - кемінде 60 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша - кемінде 75 балл. Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

2.1.6. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес шет тілін (ағылшын тілі) меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар адамдар: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады. SAT (ЭсЭйТи – САТ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады (Қосымша 2-1).

SAT (ЭсЭйТи – САТ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да «Қазақ тілі» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-3-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім

беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) ҚазҰУ ақылы бөлімге қабылданады.

2.1.7. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдауда, ҰБТ және арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды тапсырады. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін ҰБТ-ның әр пәні бойынша және шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

2.1.8. «Білім туралы» Заңның 26-бабының 8-тармағында көрсетілген оқуға түсушілерді қоспағанда, Үлгілік қағидалардың 1-қосымшасының 2-тарауының 5-тармағына сәйкес даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, ҚазҰУ оқуға түсушілер үшін өту балын айқындайды:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар;
2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

2-1) Шақыру бойынша міндетті әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтеген Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар;

5) жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасын жоғалтқан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;

6) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар;

7) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар;

8) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар.

2.1.9. Оқуға түсуге ҚазҰУ белгілеген өту шекті балын жинаған талапкерлер жіберіледі.

2.1.10. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ҚазҰУ-не оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ҚазҰУ Қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде ҚазҰУ Қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Үлгілік қағидаларға сәйкес, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтары ҚазҰУ-ға екі деңгейде ақылы негізде оқуға қабылданады.

2.1.11. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

2.1.12. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша қабылдауды ҚазҰУ Қабылдау комиссиясы сұхбаттасу негізінде жүзеге асырады.

2.1.13. Жоғары білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламаларына қабылдауды ҚазҰУ Қабылдау комиссиясы құжаттар конкурсы негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте қабылдау білім беру бағдарламаларының бекітілген тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

2.1.14. Шетел азаматтарын білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде қабылдауды ҚазҰУ дербес жүзеге асырады.

2.1.15. ҚазҰУ оқуға түсу кезінде «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығымен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

2.1.16. ҚазҰУ-ға түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1 тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық біріңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі-ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.1.17. "Жалпы медицина" және "Стоматология" мамандықтары бойынша бакалавриатты сәтті аяқтаған білім алушыларды интернатураға қабылдау ҚР

Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген "Интернатурада медициналық кадрларды даярлау қағидаларына" сәйкес оқудың алтыншы оқу жылына (интернатураның 1 курсы) ауыстыру немесе қайта қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Негіздеме - аяқталған бесінші курс пен GPA.

2.1.18. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.»

2.2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау (магистратура, докторантура, резидентура)

2.2.1. ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына (магистратура, докторантура) жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады. Бұл ретте жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын табысты меңгеру үшін қажетті пререквизиттерді алдыңғы білім деңгейінде меңгермеген адамдар оқуға қабылданғаннан кейін қажетті пәндерді ақылы негізде меңгеру шартымен құжаттарды тапсыруға жіберіледі. Докторантураға түсу үшін "магистр" дәрежесі бар және еңбек өтілі 9 (тоғыз) айдан кем емес тұлғалар жіберіледі.

2.2.2. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау 1 маусымнан 08 шілдеге дейін және 28 қазаннан 10 қарашаға дейін ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясы немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Өтініш беру үшін оқуға түсуші Мобильді деректер базасында тіркелуі қажет <https://egov.kz>. содан кейін <https://did.gov.kz> сайтта Digital ID-жеке басын куәландыратын сандық төлқұжат жасау керек. Цифрлық паспортты жасағаннан кейін түсуші <https://pro-zayav.testcenter.kz> сайтына кіруі керек, қажетті деректерді толтыру арқылы тіркеуден өту керек.

2.2.3. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау күнтізбелік жыл ішінде өткізетін ҚазҰУ Қабылдау комиссиялары әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау

академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.2.4. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына дейін көрсетеді.

2.2.5. PhD докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау 3 шілде мен 3 тамыз аралығында және 25 қазаннан 10 қараша аралығында жүргізіледі. Докторантураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және бір жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын (ҚазҰУ) көрсетеді.

2.2.6. Магистратураға, докторантураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) және (немесе) түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.2.7 Резидентураға түсетін тұлғаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығымен бекітілген "Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, медициналық кадрларды оқуға қабылдау және даярлау қағидаларына" (2-қосымша) сәйкес жүргізіледі.

2.2.8. MBA (EMBA) білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау пәндік емтихан комиссиялары өткізетін әңгімелесу негізінде ақылы негізде оқу үшін күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

2.2.9. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша PhD докторантурасына қабылдау екі кезеңде жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары. Оқуға түсушілерді алдын ала іріктеу күнтізбелік жылдың 1 ақпан мен 15 сәуір аралығындағы кезеңде үміткерлердің құжаттарын қарау және әңгімелесу арқылы жүргізіледі. Алдын ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына жіберу немесе жібермеу болып табылады.

2.2.10. DBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау пәндік емтихан комиссиялары өткізетін әңгімелесу қорытындылары бойынша ақылы негізде оқу үшін күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

2.2.11. IELTS, TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français) магистратураға түсетін және шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар адамдарға және стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет. Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе

Қағидаларға 1-2, 2, 3- қосымшаларға сәйкес ақылы негізде ҚазҰУ қабылданған кезде жүзеге асырылады.

2.2.11-1. GRE (Graduate Record Examinations) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар докторантураға түсушілерге түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде жүзеге асырылады.

2.2.11-2. Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 35;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл – кемінде 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл – кемінде 80;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B1/B1 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Pruefung (Niveau B1/B1 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B1 деңгейінен төмен емес, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – B1 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du franzaais) – B1 деңгейінен төмен емес;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеуді тапсырады.

2.2.12. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады: ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic); TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test); неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang),

TestDaF-Prüfung; француз тілі: TFI (Test de Français International™), DELF (Diplôme d'Études en Langue française), DALF (Diplôme Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

2.2.13. "Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Қағидаларға 2 -қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

2.2.14 "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

2.2.15. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде:

- оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

- докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды:

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ҚазҰУ Қабылдау комиссиялары тексереді.

2.2.16. "Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық

сертификаты болған кезде эссе жазудан және докторантураға оқуға дайындығын анықтауға арналған тест жазудан босатылады.

Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханы мен конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек. Сертификат балдарын эссе жазу балдарына ауыстыру білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берілген кезде және ҚазҰУ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін ҚазҰУ Қабылдау комиссиялары тексереді.

2.2.17. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2.18 Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 7- 1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2.19. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ҚазҰУ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады..

2.2.20. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 7- қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға

арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл саны 35 балды құрауы тиіс.

2.2.21. Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау араб тілі бойынша түсу емтихандарының және КТ нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2.22. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл;

2) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратура үшін Үлгілік қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл;

3) ағылшын тілінде оқытатын бейінді магистратура бойынша – 8-қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратура үшін Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес: кемінде 75 балл, шет тілінде – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан – кемінде 7 балл;

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратура бойынша: кемінде 75 балл, ал араб тілінде – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындықты анықтау тесті бойынша Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес кемінде 7 балл;

2.2.23. Докторантураға түсуші тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2.24. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентураға оқуға конкурстық негізде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханы үшін ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады.

2.2.25. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

2.2.26. Конкурстық баллдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша неғұрлым жоғары баға алған тұлғалар басым құқыққа ие болады. Содан кейін эссе үшін балдар, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі, ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми жарияланымдар: соңғы 3 жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми жарияланымдар; ғылыми эзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар ескеріледі.

2.2.27. Конкурстық баллдарының көрсеткіштері бірдей жағдайда оқуға түсушілер Қабылдау комиссиясының сұратуы бойынша докторантураға қабылдауға басым құқықты айқындау үшін қосымша құжаттар ұсынады.

2.2.28. Оқуға түсушілер ұсынатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясы тексереді. ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясы түпнұсқалығы расталмайтын құжатты қабылдаудан бас тартуға құқылы.

2.2.29. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысуға ниет білдірген оқуға түсушілер ҚазҰУ Қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылдың 25 тамызға дейін тапсырады:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) КТ сертификаты және бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда) және баллдары (бар болған жағдайда) көрсетілген білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихан тапсырғаны туралы үзінді көшірме (магистратура үшін);
- 4) түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резидентура үшін);
- 5) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат және баллдары көрсетілген білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын тапсырғаны туралы үзінді көшірме (докторантура үшін);
- 6) еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса);
- 7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.
- 8) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша докторантура үшін).

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтиханының баллдарына сәйкес өткізіледі.

3 тарау. Түсу сынақтарын өткізу тәртібі

3.1. Арнаулы және шығармашылық емтихандар

3.1.1. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

3.1.2. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

3.1.3. Өтінішпен бірге оқуға түсушілер ҚазҰУ Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);

- 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- ҰБТ сертификаты (бар болса);

- "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса).

3.1.4. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған комиссияның құрамына ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамы, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерді даярлау" бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған өкілдер кіреді.

3.1.5. Комиссия тақ саннан тұрады, комиссия мүшелерінің дауысымен комиссияның төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса заңды деп есептеледі. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

3.1.6. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының Тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3.1.7. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

3.1.8. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе

орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

3.1.9. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

3.1.10. ҚазҰУ-ға "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және арнайы емтихан өткізу ҚазҰУ күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

3.1.11. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсуші тұлғалар ҚазҰУ шығармашылық емтихандар тапсырады.

3.1.12. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

3.1.13. "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнайы емтиханды ҚазҰУ-ға тапсырады.

3.1.14. "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ҚазҰУ-ға оқуға түсетін тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

3.1.15. Оқуға түсушіні арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына (үй-жайына) жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда (ғимараттарда) өткізіледі.

3.1.16. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

3.1.17. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3.1.18. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3.1.19. «Педагогикалық ғылымдар» және «денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша оқуға түсушілерге арналған арнайы емтихан «рұқсат беру» немесе «рұқсат бермеу» нысанында бағаланады.

3.1.20. Резидентураға түсушілер үшін емтихандар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығымен бекітілген "Резидентурада мемлекеттік тапсырысты

орналастыру, медициналық кадрларды оқуға қабылдау және даярлау қағидаларына" (2-қосымша) сәйкес өткізіледі. Қабылдау емтихандары 2 кезеңде өткізіледі: кешенді тестілеу (мамандық бейіні бойынша кемінде 50 тест) және short case форматында ауызша әңгімелесу.

3.1.21. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

3.1.22. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

3.1.23. "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау " білім беру салалары бойынша арнайы емтихандардың нәтижелері бойынша оқуға түсушіге оқуға қабылданған жері бойынша жоғары оқу орнына ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді көшірме беріледі.

3.1.24. Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу үшін бағалар ведомосынан үзінді беріледі.

3.1.25. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қабылдау комиссиясы республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ҚазҰУ-ға ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханының нәтижелерін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

3.2. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша кешенді тестілеу, шығармашылық / түсу емтихандары

3.2.1. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

3.2.2. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

3.2.3. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

3.2.4. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

3.2.5. Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары тобының магистратурасына түсуші тұлғалар:

1) араб тілі бойынша түсу емтиханын;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

3.2.6. Кешенді тестілеуді ҚР ҒЖБМ айқындайтын КТ өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.2.7. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

3.2.8. Магистратураға түсушілер үшін кешенді тестілеу күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамызы аралығында өткізіледі.

3.2.9. Араб тілінен түсу емтихандары және магистратураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихандар ҚазҰУ базасында 16-25 шілде және 21-28 қараша аралығында өткізіледі.

3.2.10. Докторантураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады. Түсу емтихандарының бағдарламалары эссе тақырыптары мен білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша сұрақтарды қамтиды, оларды университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді және түсу емтихандарының басталуына екі ай қалғанда ҚазҰУ сайтына орналастырылады.

3.2.11. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары тамыздың 4 мен 20-на дейін және 19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізіледі.

3.2.12. «Денсаулық сақтау» білім беру саласынан басқа, білім берудің барлық салалары бойынша білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсу емтиханы ҚР ДСМ бекіткен ұйымдардың базасында қағаз және компьютерлік форматта өткізіледі және төмендегілерден тұрады:

1) оқуға түсушімен емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

3.2.13. Докторантураға түсуші аты-жөні және білім беру бағдарламаларының тобы көрсетілген сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді,

докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, кездейсоқ түрде жазбаша түрде таңдалған білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап береді.

3.2.14. Докторантураға түсушінің емтихан жұмысының нәтижелері Ұлттық тестілеу орталығына (ҰТО) және ҚазҰУ-ға жіберіледі. Оқуға дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өңдейді. ҚазҰУ емтихан комиссиялары жұмыстарды оқуға түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді. Емтихан үшін қорытынды баға эссені бағалау, докторантурада оқуға дайындық тесті, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап нәтижелерін жинақтау арқылы алынған балдардың жиынтығын білдіреді.

3.2.15. «Денсаулық сақтау» білім беру саласындағы докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын ҚазҰУ дербес өткізеді.

3.2.16. Шығармашылық емтихандарды және араб тілі бойынша магистратураға түсу емтихандарын, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша докторантураға түсу емтихандарын қабылдау үшін емтихан комиссиялары даярлау бағыттарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, докторы), философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі бар жоғары білікті қызметкерлер қатарынан қалыптастырылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

3.2.17. Докторантураның бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын қабылдау үшін қажет болған жағдайда ҚазҰУ-дың Басқарама-Төрағасы Ректордың бұйрығымен құрамына ҚазҰУ-дың штаттық оқытушылары және тиісті ғылыми-зерттеу институттарының немесе жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері кіретін біріккен пәндік және апелляциялық комиссиялар бекітіледі.

3.2.18. Шығармашылық емтихандар, араб тілі бойынша магистратураға түсу емтихандары, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша докторантураға түсу емтихандары бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

3.2.19. Емтихандарды өткізу қорытындылары Бағалау ведомосімен және Комиссия хаттамасымен ресімделеді, олар Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

3.2.20. Қабылдау комиссиясы магистратураға түсушілер үшін емтихан нәтижелерін өткізілген күні жариялайды. Докторантураға түсушілер үшін түсу емтихандарының нәтижелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган емтихандар өткізілгеннен кейінгі келесі күні жариялайды.

3.2.21. Емтихандар мен кешенді тестілеуді қайта тапсыруға жол берілмейді.

3.2.22. Емтихандар аяқталғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қабылдау комиссиясы білім беру саласындағы уәкілетті органға емтихандарды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ емтихандардың қорытындылары туралы ведомостардың көшірмелерін ұсынады.

3.2.23. Араб тілінен түсу емтихандарының/шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша Қабылдау комиссиясы магистратураға түсушіге емтихан тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде оқуға түсу үшін ведомостан үзінді көшірме береді.

3.3 Апелляцияларды қарау тәртібі

3.3.1. Емтихандарды өткізу кезеңінде арнайы/шығармашылық емтихандарға, араб тілі бойынша магистратураға түсу емтихандарына, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша докторантураға түсу емтихандарына қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында ҚазҰУ Басқарма-Төрағасы Ректорының бұйрығымен құрамы төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссиялар құрылады. Емтихан комиссияларының мүшелері апелляциялық комиссиялардың құрамына кіре алмайды.

3.3.2. Кешенді тестілеу нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін ҚР ҒЖБМ жанынан апелляцияларды қарау жөніндегі Республикалық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітіледі.

3.3.3. Апелляцияға өтінішті емтихан тапсырған тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі немесе ҰТО және ақпараттық жүйесі арқылы береді.

3.3.4. Апелляциялық комиссия түсушілерден тест (емтихан) материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

3.3.5. Өтініштер нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

3.3.6. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

3.3.7. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

3.3.8. ҚазҰУ апелляциялық комиссиясы және (немесе) республикалық апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тиісті емтихан немесе КТ нәтижелерін апелляциялайтын тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

3.3.9. ҚазҰУ апелляциялық комиссиясының шешімі егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса; заңды деп есептеледі. Емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

3.3.10. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

3.3.11. Емтихандар мен кешенді тестілеу өткізу кезеңінде білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері арнайы мониторингті жүзеге асырады.

4 тарау. ҚазҰУ-ға қабылдау тәртібі

4.1. ҚазҰУ-ға қабылдау мемлекеттік қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады, онда ҚазҰУ көрсетілетін қызметті беруші ретінде, ал оқуға түсушілер көрсетілетін қызметті алушылар ретінде әрекет етеді.

4.2. Оқуға түсушілер (көрсетілетін қызметті алушылар) ҚазҰУ Қабылдау комиссиясына (онлайн немесе оффлайн форматта) немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz (бұдан әрі-портал) веб-порталы арқылы ұсынады:

- жоғары білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасы (Үлгілік қағидаларға 3-қосымша);
- магистратура және докторантура бағдарламаларына түсушілер үшін Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасы (Үлгілік қағидаларға 1-1 қосымша).

4.3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінде келтірілген.

4.4. ҚазҰУ Қабылдау комиссиясының қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда немесе қолданылу мерзімі өтіп кеткен жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

4.5. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны

туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

4.6. ҚазҰУ Қабылдау комиссиясы ұсынылған құжаттардың толықтығын олар түскен сәттен бастап тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті әрі қарай қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол порталдағы "жеке кабинетке" өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

4.7. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады.

4.8. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

4.9. №204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ тапсырған және шекті балл жинаған орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғанға дейін ақылы негізде ҚазҰУ Басқарма-Төрағасы Ректорының атына ҚазҰУ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

4.10. Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сыныптарының білім алушылары күнтізбелік жылдың 1 ақпан мен 25 тамызы аралығында ҚазҰУ Басқарма-Төрағасы Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына жалпы орта білім туралы құжатты алғанға дейін ақылы негізде ҚазҰУ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

4.11. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғаннан кейін оқуға түсушілер тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады (Үлгілік қағидалардың 3-қосымшасы). Түсу емтихандарының нәтижелері бойынша белгіленген шекті балл жинаған тұлғалар ҚазҰУ ректорының атына ақылы негізде ҚазҰУ-ға қабылдау туралы өтініш береді. Өтінішке ҰБТ сертификаты, уәкілетті адам қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

4.12. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік алған адамдар қабылдау туралы өтініш береді және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар қатарына қабылданады.

4.13. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда ҚазҰУ Қабылдау комиссиясы ҚазҰУ-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

4.14. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алғаннан кейін ҚазҰУ Қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады:

- жоғары білім беру бағдарламаларына қабылдау үшін 20 шілдеден 25 тамыз аралығында;

- 15-28 тамыз және 26 желтоқсан 10 қаңтар аралығында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау үшін өтініш береді.

4.15. ҚазҰУ білім алушыларының контингентіне қабылдау туралы бұйрықты ҚазҰУ Басқарма-Төрағасы Ректоры шығарады:

- жоғары білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін 20 маусымнан 25 тамызға дейінгі кезеңде;

- 15-28 тамыз және 26 желтоқсан 10 қаңтар аралығында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін өтініш береді.

4.16. ҚазҰУ қабылдау комиссиясы негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

4.17. ҚазҰУ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

4.18. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым ҚазҰУ Басқарма-Төрағасы Ректорының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

4.19. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ҚазҰУ атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

4.20. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

4.21. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4.22. ҚазҰУ-ға қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша бөлек жүргізіледі. Осы мақсатта ҚазҰУ-ға оқуға түсушілер 1-25 тамыз аралығында білім беру бағдарламасын таңдау үшін ҚазҰУ сайтында онлайн-тіркеуден өтуі тиіс. Оқуға түсушілерді тіркеу қорытындысы бойынша толық жинақты емес оқу тобы құрылған жағдайда ҚазҰУ оқуға түсушіні басқа білім беру бағдарламасына қайта тіркеу құқығын өзіне қалдырады. Құжаттарды тапсыру алдында талапкерге ҚазҰУ-ды қайта тіркеу құқығы туралы хабарланады.

4.23. Жоғары оқу орнынан кейінгі бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша магистратурада, докторантурада оқуға үміткерлер өтініште тиісті бірлескен білім беру бағдарламасының атауын көрсетеді және тиісті ғылыми-зерттеу институтының ұсыныс хатын ұсынады.

4.24. Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға

түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша баллдар ескеріле отырып жүргізіледі.

4.25. «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

4.26. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасасады.

4.27. Мақсатты даярлық шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған адамдармен арнайы үш жақты шарт жасалады, оның Тараптары ҚазҰУ, білім алушы және білім беру қызметтеріне тапсырыс беруші (ЖОО немесе ғылыми ұйым) болады.

4.28. Түсу сынақтарынан сәтті өткен, бірақ конкурс бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген орындарға өтпеген тұлғалар білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шарттары негізінде оқыту үшін ҚазҰУ білім алушылары қатарына қабылдануы мүмкін.

4.29. Білім беру қызметін көрсету шарттары негізінде қабылдау білім беру қызметін өтеулі көрсету туралы шарт жасасқаннан кейін бірінші оқу жылының құнын толық немесе ішінара (50 %) төлегеннен кейін Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде ҚазҰУ Басқарма-Төрағасы Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

4.30. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, оқуға түсуші құжаттардың қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ҚазҰУ студенттері қатарына қабылданады.

4.31. Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдағанға дейін төленуі тиіс соманы төлеу бойынша білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзімге кейінге қалдыру беріледі.

4.32. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 15 қазанға дейін қайтарылады.»;

4.33. Игерілмеген орындарды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қайта бөлу күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

5. EMBA/MBA/DBA білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері

5.1. Қабылдау тәртібі

5.1.1 ҚазҰУ-ға ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар қабылданады.

5.1.2. ҚазҰУ-дың ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына контингент тек ақылы негізде ғана оқуға қабылданады.

5.1.3. Бір күнтізбелік жылға: қабылдау комиссиясы, пәндік емтихандық және апелляциялық комиссиялар құрылады. Комиссия құрамы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы- Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.1.4. Емтихан комиссиясының құрамы тиісті мамандық бойынша ғылым докторы, кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар қызметкерлер қатарынан қалыптастырылады.

5.1.5. ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына түсушілердің өтініштерін қабылдау жыл бойы жүргізіледі. Қабылдау емтихандары және оқуға қабылдау бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес ЕМВА/МВА/ДВА (модуль) бағдарламасының кезекті білім беру пәні басталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

5.2 ҚазҰУ-дың ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау тәртібі

5.2.1 ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына түсетін Қазақстан Республикасының азаматтарынан талап етіледі:

- МВА-2 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі (қабылдау комиссиясы 2 жылдан кем жұмыс тәжірибесі бар үміткерлерді қарастыру құқығын өзіне қалдырады) және жоғары білім туралы диплом.
- Executive МВА-3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі (қабылдау комиссиясы 3 жылдан кем жұмыс тәжірибесі бар үміткерлерді қарастыру құқығын өзіне қалдырады) және жоғары білім туралы диплом.
- ДВА-5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі және басқару өтілінің болуы (қабылдау комиссиясы 5 жылдан кем жұмыс тәжірибесі бар үміткерлерді қарастыру құқығын өзіне қалдырады) және жоғары білім немесе магистратура туралы

5.2.2 ҚазҰУ ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына экономикалық және экономикалық емес мамандықтар біліктілігімен (тиісінше) Бакалавр және Магистр дипломы бар тұлғалар түсе алады. ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына қабылдау үшін пререквизиттердегі (пәндердегі) айырмашылықты тапсыру талап етілмейді.

5.2.3 Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар алған білім деңгейіне және даярлық бейініне сәйкес білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өткен құжаттарды ұсынуы қажет.

5.2.4 ҚазҰУ ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына түсетін ҚР азаматтары Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ҚазҰУ Басқарма Төрағасы- Ректордың атына белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжат қосымшаларымен бірге (түпнұсқа);
- 3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы (түпнұсқа) және жұмыс орнынан еңбек өтілін немесе еңбек өтілін растау туралы анықтама;
- 4) 3x4 көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) флюорографиясы бар № 075-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) жеке куәліктің көшірмесі (3 дана);
- 7) стаж жеткіліксіз болған жағдайда - оқыту қажеттілігі негізделген дәлелді хат және жұмыс берушіден немесе оқытушыдан, немесе ғылыми консультанттан немесе ғылыми жетекшіден оқытудың алдыңғы кезеңдерінен алынған ұсынымдық хат;
- 8) ғылыми еңбектерінің тізімі (бар болған жағдайда).

5.2.5 ҚазҰУ-ға шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық шарттарда, сондай-ақ университеттің ішкі құжаттамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

5.2.6 ҚазҰУ ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына түсетін шетел азаматтары университеттің Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) құжаттардың түпнұсқалары:
 - жоғары білім туралы диплом (апостильмен)
 - транскрипт
- 2) нотариалды аударылған құжаттар :
 - диплом - орыс/қазақ тілдеріне нотариалды куәландырылған аударманың 3 данасы
 - транскрипт - орыс/қазақ тілдеріне нотариалды куәландырылған аударманың 3 көшірмесі
 - паспорт - орыс/қазақ тілдеріне нотариалды куәландырылған аударманың 3 көшірмесі

(*Маңызды: барлық құжаттар Қазақстанда аударылуы және нотариалды куәландырылуы тиіс.)

3) 3x4 көлеміндегі екі фотосурет;

4) медициналық анықтамалар

- №086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- профилактикалық вакцинация картасының көшірмесі;
- АИТВ жоқтығы туралы сертификат.

(*Маңызды: барлық медициналық анықтамалар Қазақстанда ресімделуі тиіс)



5.2.7 Ұсынылатын құжаттар жиынтығы толық болуы тиіс. Ақпарат немесе құжаттар жетіспеген жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартылу мүмкін.

5.3 Жеке модульдерге (Mini MBA) оқуға ниет білдірген сыртқы тыңдаушылардың құжаттарын қабылдау қағидалары мен тәртібі

5.3.1 Mini MBA Al-farabi Business School бағдарламасына EMBA/MBA/DBA білім беру бағдарламаларының нақты модульдерін үйренуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар қабылданады.

5.3.2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің EMBA/MBA/DBA контингент бағдарламаларына тек ақылы негізде оқуға қабылданады.

5.4.3. Mini MBA курстарына азаматтар білімі туралы дипломсыз қабылдануы мүмкін.

5.3.4 Mini MBA курстарына түсетін өтініштерді қабылдау жыл бойы жүргізіледі. Қабылдау емтихандары және қабылдау бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес EMBA/MBA/DBA (модуль) бағдарламасынан кезекті білім беру пәні басталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

5.3.5 Азаматтар EMBA/MBA/DBA білім беру бағдарламаларының кез келген модульінен жеке тәртіппен өте алады.

5.3.6 Mini MBA курстарына қабылдау үшін:

- Белгіленген тәртіппен өтініш (үлгіні сканерлеу)
- Төлем туралы түбіртек
- Жеке куәліктің көшірмесі

5.3.7 Нақты модульді игергеннен кейін тыңдаушыға бизнес-мектеп сертификаты және оқу пәнін меңгергені туралы транскрипт беріледі.

5.3.8 EMBA/MBA/DBA бағдарламаларында оқуды жалғастырғысы келсе, Mini MBA курстарында бұрын игерілген модульдер айырмашылықпен шегеріледі.

5.4 Оқуға түсу емтихандарын өткізу тәртібі

5.4.1 Түсу емтиханының нысаны - ауызша сұхбаттасу. EMBA/MBA/DBA бағдарламаларына түсетін және түсу емтихандарын тапсыруға жіберілген адамдар ауызша әңгімелесуден өтеді, оны емтихан комиссиясы EMBA/MBA/DBA деңгейінде оқу қабілеті мен кәсіби тәжірибесі барын растау мақсатында өткізеді.

5.4.2 Сұхбаттасу ауызша түрде оқуға түсушінің емтихан сұрақтарына толық жауаптары түрінде өткізіледі. Жауаптарға дайындалуға оқуға түсушіге 30 минуттан аспайтын уақыт бөлінеді. Ауызша сұхбаттасу басталмас бұрын емтихан тапсырушылар емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарын жауап парақтарына жазады. Апелляция жағдайында жауап парағындағы жазбаша жазбалар қарастыру үшін негіз болып табылады.

5.4.3 Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

5.4.4 Түсу емтиханының нәтижесімен келіспеген оқуға түсуші түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні 13 сағатқа дейінгі мерзімде апелляциялық комиссия Төрағасының атына емтихан материалдарының мазмұны және/немесе техникалық себептер бойынша жазбаша апелляциялық өтініш бере алады.

5.4.5 Апелляциялық өтінішті ҚазҰУ апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды. Комиссия апелляциялық өтініш берген әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Апелляциялық өтініш берген тұлға комиссия өтінішті қараған кезде жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады. Өтініш берген тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

5.4.6 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.4.7 Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

5.5. ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына қабылдау тәртібі

5.5.1 ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларына білім алушылар қатарына қабылдау Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде ҚазҰУ Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

5.5.2 Білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шарттары негізінде оқуға түсушілер үшін өту балы кемінде 70 балл.

5.5.3 Оқуға қабылдау тараптар білім беру қызметтерін өтеулі көрсету туралы шарт жасасқаннан кейін және бірінші оқу жылының құнын толық немесе ішінара (30%) төлегеннен кейін (шартта көрсетілген төлем кестесіне сәйкес) Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

5.5.4 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың осы ережелерімен регламенттелмеген мәселелерді ҚР қолданыстағы заңнамасына және ҚР ҚМ нормативтік құжаттарына сәйкес ҚазҰУ ЕМВА/МВА/ДВА бағдарламаларының қабылдау комиссиясы шешеді.

6 тарау. Шетел азаматтарын қабылдау

6.1 Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарттары негізінде келетін шетел азаматтарын қабылдау интернационалдандыру және рекрутинг офисінің және университеттің профессор-оқытушылар құрамының қызметкерлері кіретін ректордың

бұйрығымен бекітілген ҚазҰУ Қабылдау комиссиясы өткізетін сұхбаттасу және тестілеу (қажет болған жағдайда) (бұдан әрі – түсу емтихандары) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

6.2 Шетелдік талапкерлер үшін оқуға құжаттарды қабылдау күнтізбелік жылдың 15 мамырынан 30 шілдесіне дейін (күзгі қабылдау), 16 қазаннан 5 желтоқсанға дейін (көктемгі қабылдау) жүзеге асырылады. Қабылдау қағидаларында белгіленген мерзімдерден кеш ұсынылған талапкерлердің құжаттары конкурстық іріктеуге қатысуға жіберілмейді.

Құжаттарды қабылдау төмендегідей жүзеге асырылады:

- университеттің онлайн-платформасы арқылы:
<http://welcome.kaznu.kz/ru/welcome/foreign>;
- тікелей ҚазҰУ университетінің (филиалының) қабылдау комиссиясы арқылы;
- сенімхат бойынша;
- электрондық пошта арқылы: international@kaznu.kz;
- халықаралық білім беру көрмелері мен форумдарында рекрутинг арқылы;
- шетелдік азаматтарды іріктеуді және ҚазҰУ-не оқуға жіберуді жүргізетін рекрутингтік ұйымдардың ресми жасалған шарттары арқылы.

6.3 Талапкер порталда онлайн-өтінімді толтырады, Жеке кабинеттің "Online Registration" бөлімінде онлайн-сауалнамаға кіріп және қажетті құжаттарды енгізеді.

6.1. Шетел азаматтары арасынан үміткерлерге қойылатын талаптар

6.1.1 Университеттің білім беру бағдарламаларына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, кейін орта және жоғары білімі бар шетел азаматтары қабылданады.

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген үміткерлер қабылданады.

Докторантураға "магистр" дәрежесі бар үміткерлер қабылданады.

6.1.2 Шетелдік азаматтарды бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқуға қабылдау шетелдік талапкерлердің орта білім деңгейіне сәйкес бейіндеуші бағдарлама бойынша алдын ала іріктеу рәсіміне сәйкес жүргізіледі.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша алдын ала іріктеу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

- бірінші кезеңде шетелдік талапкерлер тиісті платформада жалпы білім беретін пәндер бойынша тестілеуден өтеді;
- екінші кезеңде оқыту тілін меңгеру деңгейін анықтайтын онлайн тестілеуден өтеді.

6.1.3 Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша алдын ала іріктеу-рәсімі бір кезеңнен тұрады, онда шетелдік талапкерлер зерттелетін пәндік саланың негізгі процестерін білуді; мәселенің ашылу тереңдігі мен толықтығын, ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгеруді; жауаптың қисындылығын, үйлесімділігін, қазіргі заманғы ғылыми тіл нормаларын сақтауды, сондай-ақ оқыту тілін меңгеру деңгейін анықтайтын сұрақтармен сұхбаттасу болады. Сондай-ақ, ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар және конкурстар.

6.1.4 Шетел азаматтарын бакалавриатқа, магистратураға және докторантураға қабылдау стипендиялық бағдарламаларды қоспағанда, ақылы негізде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша тегін білім берудің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. ҚазҰУ білім беру бағдарламаларына түсетін шетел азаматтарының құжаттарын қабылдау тәртібі

6.2.1 Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

6.2.2 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Ақылы негізде түсетін шетел азаматтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға сәйкес қазынаға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) білім туралы құжат:

А) бакалавриат үшін-аттестаттың (орта білім туралы аттестат және бағалау парағы) қазақ немесе орыс тілдеріне түпнұсқасы және нотариалды куәландырылған аудармасы-2 дана;

В) магистратура үшін-қазақ немесе орыс тіліндегі түпнұсқа және нотариалды куәландырылған аударма (жоғары білім туралы аттестат және бағалау парағы), бакалавриатты бітіргені туралы диплом – 2 дана.

С) докторантура үшін - магистр дәрежесін беру туралы құжаттың қазақ немесе орыс тіліне түпнұсқасы және нотариалды куәландырылған аудармасы және бакалавриатты бітіргені туралы диплом-2 дана.;

3) паспорттың қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы-2 дана;

4) соңғы 6 айда түсірілген 3x4 сантиметр түсті 2 фотосурет;

5) Медициналық анықтамалар: № 075/У нысанындағы медициналық анықтама (ҚР-ға келу фактісі бойынша міндетті түрде флюорографиялық сурет, АИТВ-инфекциясының жоқтығы туралы анықтама қоса беріледі, сондай-ақ өзімен бірге профилактикалық егу картасының көшірмесі болуы тиіс);

6) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат (олар болған жағдайда);

7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда);

6.2.3 Интернационалдандыру және рекрутинг кеңсесінің қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын көшірмесі бойынша қабылдауды жүзеге асырады және келген кезде 7 (жеті) күн ішінде шетелдік талапкер құжаттардың түпнұсқасын ұсынуға міндетті.

6.2.4 Осы Қағидалардың 6.2.2-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған кезде интернационалдандыру және рекрутинг офисінің жетіспейтін құжаттарды сұратуға құқығы бар.

6.2.5 Құжаттарды қабылдағаннан және сұхбаттасу мен тестілеуден сәтті өткеннен кейін (қажет болған жағдайда) қабылдау комиссиясы шетелдік талапкерлерді қабылдау жөніндегі конкурстық комиссияның хаттамасын ресімдейді. Бұдан әрі онлайн немесе офлайн режимінде білім алушыларға шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде жылдық төлем сомасының 100% (жүз пайыз) мөлшерінде төлем енгізу шартымен "шетелдік азаматтарға білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт" жасалады.

6.2.6 Конкурстық іріктеуден төмендергілер шығарылады:

- кесте бойынша белгіленген уақытта ҚазҰУ өткізетін түсу емтихандарына дәлелді себептерсіз келмеген тұлғалар;
- түсу емтихандарында ең төменгі балл санынан төмен нәтиже алған тұлғалар;
- белгіленген мерзімге дейін үлгідегі құжаттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынбаған адамдар шығарылады.

Дәлелді себеппен (ауру немесе құжаттамамен расталған өзге де мән-жайлар) түсу емтихандарынан өтпеген адамдар түсу емтихандарының бекітілген кестесіне сәйкес көрсетілген түсу емтиханын басқа топта немесе резервтік күні тапсыруға жіберіледі.

Бекітілген кесте ҚазҰУ ресми сайтында шетел азаматтарының түсу емтихандары басталғанға дейін 2 күн бұрын жарияланады.

6.3. Оқуға түсу сынақтарын өткізу тәртібі

6.3.1 Қабылдау комиссиясы құжаттардың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін шетелдік талапкер сұхбаттасуға, тестілеуге жіберіледі.

6.3.2 Сұхбаттасу, тестілеу ақылы негізде білім алушылардың шетелдік азаматтары үшін түсу емтихандарының бағдарламаларына сәйкес офлайн/онлайн форматында өткізіледі.

6.3.3 Шетелдік талапкердің түсуі үшін түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу үшін ҚазҰУ ректоры Төрағасының-басқармасының бұйрығымен емтихандарды өткізу кезеңіне емтихан және апелляциялық Пәндік комиссия құрылады.

6.3.4 Түсу емтиханының нәтижелері бойынша түсуші (не сенім білдірілген тұлға) түсушінің пікірі бойынша түсу емтиханын өткізудің белгіленген тәртібін бұзу туралы және (немесе) түсу емтиханының нәтижелерін алынған бағамен келіспеу туралы апелляциялық комиссияға апелляция беруге құқылы.

6.3.5 Апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері қойылғаннан кейін 24 сағат ішінде дәлелді жазбаша өтініш жіберіледі. Апелляцияға өтініш, егер алынған баға оқыту нәтижелерінің объективті деңгейіне сәйкес келмесе қабылданады:

- емтихан сұрағының дұрыс тұжырымдалмауына байланысты;
- мазмұны бойынша емтихан мәселесі білім беру бағдарламасына сәйкес келмейтіндігіне байланысты;
- білім алушының жауабы біржақты бағаланғандығына байланысты.

6.3.6 Апелляция 48 сағат ішінде қаралады және хаттамамен ресімделеді.

6.3.7 Сұхбаттасу, тестілеу тиісті пәндер бойынша сұрақтарды, сондай-ақ оқуға қабілеттілігін, шығармашылық белсенділігін, талапкердің ойлау қабілеті мен жеке қасиеттерін ашуға бағытталған сұрақтарды қоса отырып, орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

6.3.8 **Бакалавриаттың** білім беру бағдарламалары бойынша алдын ала іріктеу рәсімінің бірінші кезеңінде таңдалған мамандықтың жалпы білім беретін пәндерінің білімі бойынша материалдарды қамтитын және 100 сұрақтан (тестте 20 сұрақ) тұратын онлайн тестілеуді тапсырады. Тестілеуден сәтті өту үшін ұсынылған тілдердің кез келгенін таңдау арқылы шетелдік талапкер 20 сұрақтың кем дегенде 65%-на, яғни 13-іне дұрыс жауап беруі керек.

6.3.9 Рәсімнің екінші кезеңінде **бакалавриаттың** білім беру бағдарламалары бойынша шет тілінің деңгейін анықтауға онлайн тестілеу тапсырылады, онда оның білімін бағалау кезінде мынадай критерийлер ескеріледі:

- ауызша грамматика: грамматикалық формалар мен құрылымдарды қолданудың дәлдігі мен дұрыстығына назар аударады.
- лексика және сөздік қоры: талапкердің сөздік қоры қаншалықты кең және әр түрлі екендігі бағаланады.

6.3.10 Тест базасы 6 деңгей бойынша 240 сұрақтан (тестте 30 сұрақ) тұрады: beginner, elementary, pre-intermediate, intermediate, upper-intermediate, advanced.

Ағылшын тілінде оқытатын білім беру бағдарламаларына түсуші шетелдік талапкерге тестілеуден сәтті өту үшін 30 сұрақтың кемінде 21 сұрағына дұрыс жауап беру қажет, бұл 70%-ын құрайды.

Тестілеуден сәтті өту үшін орыс немесе қазақ тілінде оқытатын білім беру бағдарламаларына түсетін шетелдік талапкерге 30 сұрақтың кемінде 15-на дұрыс жауап беру қажет, бұл 50%-ын құрайды.

6.3.11 Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша әңгімелесудің бір кезеңі өткізіледі, оның барысында шетелдік талапкерлердің пәндік білімі мен дағдыларын тиісті аспектілерде егжей-тегжейлі бағалау, сондай-ақ тіл деңгейін айқындайтын мәселелер қамтылады.

6.3.12 Шетел азаматтарын Бішкектегі ҚазҰУ филиалына ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде оқытудың барлық деңгейлеріне әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

6.3.13 Шетел азаматтарын ҚХР солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалына ақылы негізде (қос диплом бағдарламасы шеңберінде) бакалавриат пен магистратураның барлық деңгейлеріне оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

6.3.14 Шетел азаматтарын шетелдегі ҚазҰУ мен оның филиалдарына түсетін сұхбаттасу қорытындысына байланысты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау үшін жалпы 100 баллдың ішінен өту балы: бакалавриат-кемінде 65 балл, магистратура-кемінде 50 балл (1 жыл) және 75 балл (2 жыл), докторантура-кемінде 75 балл.

6.3.15 Магистратура және докторантура деңгейіндегі түсу емтиханының қорытындысы бойынша белгіленген нысанда әңгімелесу хаттамасы ресімделеді. Әңгімелесу хаттамасына «Salem office» жүйесі арқылы төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды және Кеңсеге беріледі.

6.3.16 Бакалавриат деңгейіндегі түсу емтиханының қорытындылары бойынша белгіленген нысанда тестілеу нәтижелерінің ведомосы ресімделеді, оған Интернационалдандыру және шетелдік студенттердің рекрутингі офисінің басшылығы қол қояды.

6.3.17 Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

6.4 Шетел азаматтарын ҚазҰУ-не қабылдау тәртібі

6.4.1 Шетелдік азаматтар түсу емтихандарының нәтижелері бойынша, сондай-ақ халықаралық стандартталған тесттер (SAT-ЭсЭйТи), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), A level (Э-лэвэл), TOEFL ITP (Тойфл Айтипи), TOEFL IBT (Тойфл Айбити), TOEFL pbt (Тойфл пибити), IELTS (АЙЛТС) сертификаттарының болуы бойынша күнтізбелік жыл ішінде ақылы бөлімшеге қабылданады, "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерінің"

2-1-қосымшасындағы балл аудару шкаласына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 Қаулысымен бекітілген:

6.4.2 Шетел азаматтарын ҚазҰУ білім алушылар контингентіне қабылдау туралы бұйрықты басқарма төрағасы - ҚазҰУ ректоры академиялық күнтізбеге сәйкес күнтізбелік жыл ішінде шығарады. Бұл ретте шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

6.4.3 Оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін "халықтың көші-қоны туралы" ҚР Заңына және шақыруларды ресімдеу, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларды келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ ұзарту және қысқарту Қағидаларына сәйкес білім алуға оқу визасын алу үшін ҚазҰУ атынан шақыру дайындалады олардың қолданылу мерзімдері, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 қарашадағы №11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы №14531 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

6.4.4 Оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін бір жылға дейінгі мерзімге оқу визасы бойынша шақыру алу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:

- 1) Қолданылу мерзімі кемінде екі жыл паспорттың көшірмесі;
- 2) Шетелдік азаматтарға білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың көшірмесі;
- 3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес мемлекеттік бажды (0,5 АЕК) төлеуге міндетті;
- 4) белгіленген үлгідегі визалық сауалнаманы толтыруға міндетті.

Интернационалдандыру және рекрутинг кеңсесі шетелдік азаматтардан қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

Шақыруды ресімдеу мерзімі-кемінде 30 күн.

6.4.5 Қабылданған шетелдік азаматтар ҚР-ға келгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде интернационалдандыру және рекрутинг кеңсесіне көші-қон есебіне қою үшін қажетті құжаттарды (шетелдік азамат ҚР аумағына кірген құжат (паспорт/жеке куәлік, виза (алыс шет елдер үшін, шекарадан өту туралы мөртабанның көшірмесі) ұсынуға міндетті.

6.4.6 Қабылдау кезінде шетелдік тұлғаның деректерін бірыңғай мемлекеттік тізілімге енгізе отырып, сәйкестендіру болып табылатын ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) міндетті түрде алу қажет. ЖСН алу үшін ХҚКО-ға "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы онлайн өтінішпен жүгіну қажет egov.kz Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметінің қағидаларына сәйкес.

6.4.7 Қабылдау кезінде дактилоскопиялық тіркеуден өту қажет (саусак іздерін алу). Дактилоскопиялық тіркеу шетел азаматы оқитын ЖОО-ның орналасқан жері бойынша өтетін болады.

Ол үшін шетелдік азамат Бостандық ауданының полиция басқармасының Көші-қон қызметі бөліміне (ПБ КҚБ) немесе Бостандық ауданының Азаматтарға арналған Үкіметіне (ХҚКО) жүгінуі тиіс.

Дактилоскопиялық тіркеу рәсімінен өту кезінде шетелдік білім алушының өзімен бірге паспорттың түпнұсқасы, ал ТМД азаматтары үшін "дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қосымша ЖСН болуы қажет(01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**



Н.Б. Ем

